

## Анықтама

Мектебімізде "Даналық мектебі" клубы аясында "Жеті атасын білген ұл, жеті жүрттың қамын жер" тақырыбында "Ұлағат" аталар мектебінің алғашқы отырысы еткізілді.

**Мақсаты:** балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, бала тәрбиесінде оң мәдениетті дамыту.

Кездесуді мектеп директоры ..... ашып, орталықты ашудағы мақсат-міндеттерге тоқталып өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ..... орталық бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, алдағы уақытқа жоспарланып отырған іс- шараларды таныстыруды.

Отырыс барысында әкенің балаға, атаның немереге беретін тәрбиенің маңыздылығы жайында сөз қозғалды. Аталарымыз бүгінгі қоғамдағы тәрбиенің олқылықтарына тоқталып, өзара пікір алмасты."Ұлағат" аталар мектебінің мушелері орталықтың алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Шежіре – бір ұлттың шығу тегін тармақтап ұрпакқа, руға таралуын баяндайтын тарих ғылыминың бір тармағы. Сондықтан қазақ ұрпағына шежіре білуді міндет деп қарайды.

Өз ұрпағына жеті атасын үйрету баяғыдан келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Мұның туыстық жағынан маңызы зор екенін халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген.


Жеті атаны білу үрдісі әлем бойынша тек қазақтарда ғана бар екенін түсіндіріп өтті. Осы орайда «Жеті атасын білген ұл, жеті жүрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Қыз алсаң тектіден ал», «Текті жерден қыз алсаң, төрден орын аларсың, тексіз жерден қыз алсаң, үятқа көп қаларсың» деген ұлағатты сөздерге тоқталды. Отбасында жеті ата шежіресін сақтау, оны танып білу, шежіре тарихын білу, елдік, халықтық шежірені насихаттау мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға оқушылар қызығушылық танытып, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасып, белсенділік танытты. Оқушыларға салт- дәстүр туралы, жеті ата туралы сұрақтар қойылды. Жеті аталарын айтып, дұрыс сұрақтарға жауап берген оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

## Анықтама

Қазан айында мектепте 7 сыйнып оқушыларының ата-әжелерін – «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» клубының мүшелерін - қонаққа шақырып, «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында кездесу үйымдастырылды.

Мақсаты: білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дарыту, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Іс-шара барысында қазақ халқының ежелден келе жатқан өзіндік орны бар дәстүрінің бірі бата берудің түрлерімен таныстырылды.

Кездесуге келген ата, әжелер немере, шөберелеріне отбасы тәрбиесіндегі салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар, бата берау, әulet тарихын білу – оны ұрпақтан ұрпаққа мирас етудің маңызы жайлы, өмірден түйген, білгендерін өнеге ретінде айтып, ұлттың құнды тәлім-тәрбиелік мұраларын жас ұрпаққа насиҳаттады. Бағы заманнан жібі үзілмей келе жатқан ұлттың рухани құндылықтарын сіңірген қарттарымыз - аталық және әжелік міндеттерін сезініп, «Даналық мектебінің» жұмысына осылайша белсене араласуда. Ал оқушылар өздерінің тарапынан шағын концерттік бағдарламаларын көрсетti. Әншілеріміз ән айтып, күйшілеріміз күй тартудан жасқанбады. Мектеп өмірінен алынған көріністі тамашалаған қарияларымыз балаша куанып, оқушылардың өнеріне, ниеттері мен ыстық пейілдеріне, ақ тілектеріне риза болып, балаларына ақ баталарын берді. Қонақтарымызға сыйлықтарын да ұсынып, барлығы біріге ән шырқады.



“Бірнешіл тәрбие бағдарламасы” шеберінде мектебінде ата-әндерді педагогикалық колдуру орталығының жоспарын және сыйнып жетекшілерiniң жоспары іске асруд шеберінде 2023 жылды 17 науза күні “Даналық мектебі” курманындағы ата-әндер жинасының откізді. Ата-әндер жинальсынын күй тәрбие сүйеген тақырыптардан бірі - “Отбасының дәстүрлер”, онда отбасындағы дәстүрлер тұрамы әртісінде откізді. Соңдай-ақ ата-әндерді педагогикалық коңзу бағдарламасынан “Ата-әндердің омірі жобасы-бакытты адам” тақырыбын енгізілді.

Мақсаты: балалардың үйлесісін дамуы үшін мектеп пен ата-ана арасындағы тилемді отара іс-химасы.

## Анықтама

Қарттарымыз – біздің асыл қазынамыз. Еліміздің өсіп-өркендеуіне, бейбітшілікте тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы. Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің еңбектері ерен. Олардың өнегелі өмір жолдары бізге үлгі-өнеге, бүгінгі ұрпаққа табылmas қазына екені ақиқат.

Осы орайда, мектебіміздің 5-сынып жетекшісі А.Шопанованың ұйымдастыруымен, «Аталар сөзі -тәрбие көзі» тақырыбында кездесу отырысы өткізілді.

Мақсаты:

Жеті-он ата ұғымын терендетіп, өзге ешбір халықта жоқ, бір кіндіктен тараған төрт текті, буынды жеті атасын білуге, рухани салт-дәстүрімізді сақтауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Кеш барысында, ардагер аталар сөз алып, өз еңбек жолдары мен жасаған қызметтері, өмірдегі қызықты сәттерімен бөлісті.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жүрттың қамын жер» бөлімінде әulet тарихын білудің маңыздылығына тоқталды. Оқушылар домбырамен күй шертіп, өлең шумақтарын арнап, әннен шашу шашылды.

Кеш соңында, қонақтар ұстаздар мен оқушыларға ыстық ықыласымен алғыс айтып, ақ батасын берді.

Жиынға қатысқан құрметті аталар, өз ойларымен бөлісіп, бұл тақырыпты қызу талқыға салып, қан тазалығының ұлт болашағы екендігін тілге тиек етті. Арасында, балалық шаққа саяхат жасап жастық шақтарын еске алып, асық ойнап, ләңгі теуіп, ән айтып сергіп те алды. "Өсіп келе жатқан балаға "Тегін білген текті адам" әuletінің тарихы туралы айту біздің міндетіміз, ағайын-туыс қарым-қатынасын реттейдін өзіміз"-деген сөзben тарқасты.




## «Ертегі – танымның козі» Анықтама

Ұлттық тәрбие, нағыз қазақы тәрбиенің өзегі әжелер мектебінен бастау алады. Көпті көрген ақ жаулықты әжелер айтқан ертегі арқылы бала жақсы мен жаманды, дос пен дүшпанды, мейірімділік пен жауыздықты, жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажыратуды үйренеді, тілі жаттығады. Ертегі, аныз-әңгімелердің кейіпкерлері олардың басынан өтетін оқиғалары арқылы күнделікті нәрселерді талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді. «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген екен атақты ұстаз Ыбырай Алтынсарин.

Мектебімізде әжелер мектебінің іс-шара жоспарына сәйкес " Ертегі-танымның көзі " тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегінің тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету. Окушылар әжелерінің қызықты ертегілерін, үлгі-өнеге боларлық ақыл-кенестерін қызығушылықпен тындаады. Ис шара барысында 2 сынып окушылары әжелерге әртүрлі сұрақтар қойып, өздерінің сүйікті ертегілерін қойып, өлең-тақпактарын оқып берді, әжелеріне жылы лебіздерін, тілектерін айтты.

Сабакты «Сіздің әжеңіз қандай естелігімен қымбат немесе қандай естелік әжеңізді еске түсіреді?» деген сұрақпен бастап, қатысуышылар өз әжелері туралы бір сейлеммен жауап берді.

«Ертегі туралы не білеміз?» тақырыбында А.Абильдина мағлumat берді. Қатысуышылар «қиял-ғажайып ертегі», «хайуанаттар жайлы ертегілер», «тұрмыс-салт ертегісі», «заманауи ертегі» тобы болып, төрт топқа бірікті. Тақырып бойынша өз білетіндерін жүйелеп, ақылдаса отырып, ертегі туралы қаншалықты білімі бар екендіктерін, өз пайымдаулары мен тұжырымдарын жеткізді. «Әжем айтқан ертегі» әнін окушылар қонақтармен бірге орындаады.



## “ЫРЫМ-ТИЫМ ӘДЕПТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ” Анықтама

“Даналық мектебі” жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары А. Абильдинаның ұйымдастыруымен “ЫРЫМ-ТИЫМ ӘДЕПТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.


Мақсаты:Халқымыздың әдептілікке бастау болған ырымдар мен тиымдардың мәнін ашып,әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау.Ырымдар мен оның маңызы туралы түсіндіру.

Шара барысында әжелер оқушыларға ырым тиымдар айтумен қатар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында оқушыларға әдептілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Әжелер көптеген ырым-тиыймдары туралы айтып, салт-дәстүрді түсіндіріп, олардың тарихы мен қолданылуын әңгімеледі.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сінген әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің мәйегін тереңін түсініп, жеткізуіші ол әжелер қауымы.

Баланың бойына аталған құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу, оны қалыптастыруды әженің берер тәрбиесіне тең келетін дүние жоқ шыгар. Өйткені, бала да, немере - шөбере де алдымен ата-анасының, сосын атасы мен әжесінің қас-қабағына қарап өседі. Солардың берген тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, ержетеді. Әженің мейірімділігімен сусындал өскен, әжесінің өнегелі әңгімесін тыңдал өскен баланың сана сезімі басқалардан ерекше болып қалыптасады.



## «Ағасы бардың, жағасы бар» Анықтама

Қазақ отбасында балалардың толық тұлға болып қалыптасуына әке, ата тәрбиесімен қатар ағаның алар орны да ерекше. Оны «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «Аға – орман, іні қорған», «Аға алдында пейілінді, іні алдында мейірінді көрсет», «Ағаның үйі ақжайлау» деген тағы басқа да халқымыздың мақал-мәтелдерінен-ақ анғаруға болады.

Мектебімізде "Даналық мектебі" жоспары аясында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнур Серкбаевнаның ұйымдастыруымен "Ағасы бардың — жағасы бар" тақырыбында іс-шара болып өтті.


Максаты: Агаларлың іні қарындас алдындағы жауапкершілігін арттыру. Ағалық міндеттінің мағынасын ашу. Інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндіру.

Шара барысында аға өзінің ізіне ерген інілері мен қарындастарына тірек, қорғаныш. Әр аға отбасындағы жол бастайтын, өзінен кейінгілерге бағыт беретін тұлға. Іні мен қарындас ағасына қарап бой түзейді. Қазақ халқында аға мен іні арасындағы қарым - қатынас ең ізгі, берік туыстық қатынас екендігі, бауырым деп бағалайтын қазынасы екендігі туралы түсіндірліді.

Сонымен бірге шарамыздың қонақтары өз ойларын ортаға салды.

Аталмыш шарадан окушылардың отбасындағы әке мейірімі, аға қамқорлығына қанық болып тәрбиеленіп келе жатқанына көз жеткіздік.

Бала тәрбиесіне отбасындағы әр адам дәл осылай аса мықты жауапкершілікпен қараса, жас өрендеріміз ел үмітін ақтар үлкен азамат болып өсетініне сеніміміз мол



**«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі»**  
**Анықтама**  
**«Даналық мектеп» жобасы**

Сынып жетекші Н.Е. Карабекованың ұйымдастыруымен «Даналық мектеп» жобасы аясында «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбында 9-10-сынып окушылары арасында шебер сынып өткізілді.

Мақсаты: Абыздардың ауыздарынан шығып, ғасырдан ғасырға жетіп, күні бүтінге дейін қолданыста жүрген мақал-мәтелдер, нақылдардың мән-мағынасын ұғындыру;

-халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылардың жетістіктері арқылы салауатты өмір салтын насиҳаттау, білім алушылардың спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Іс-шара барысында жомарттық, жауапкершілік, елжандылық, намысқойлық, сертінде тұру секілді ер жігітке тән касиеттерді айқындайтын нақыл сөздердің мағыналары айқындала келе, окушылар өз ойларын ортаға салды. Мектебіміздегі спорт саласында жетістікке жеткен ұстаздар мен окушыларымыздың еңбектері аталып өтті. Танымал спортшылардың жетістіктері көрсетіліп, салауатты өмір салты насиҳатталды. Қорытынды бөлімінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Абильдина Мағжан Жұмабаевтың "Мен жастарға сенемін" деген қанатты сезін тілге тірек етіп, рухты сөздеріне бірнеше мысал келтіріп қорытындылады.

Сабак барысында біз дұрыс тамақтанудың, белсенді өмір салтының негізгі принциптерін, сондай-ақ тұрақты спортпен шұғылданудың маңыздылығын талқыладық. Қатысушылар сонымен қатар психологиялық әл-ауқат пен эмоционалды тұрақтылықтың негізгі аспектілерін зерттеді.

Алынған дағдылар мен білім: тренингке қатысушылар дұрыс тамақтану рационын күру, жеке дene жаттығулары бағдарламасын жасау бойынша практикалық дағдыларды игерді, сондай-ақ стрессті басқару әдістері мен өзін-өзі бағалауды арттыру туралы білді.

Болашақта ер балалар үшін салауатты өмір салты бойынша білім мен дағдыларды кеңейту бойынша қосымша сабактар өткізу жоспарлануда.